



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2021 жылғы 18 ақпандағы  
№ДС-62

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Үкіметі сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

*Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша тұрақты және уақытша тіркеуге қатысты*

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңға сәйкес атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудың негізгі критерийлері – отбасының жан басына шаққандағы табысының кедейлік шегінен төмен болуы, сондай-ақ отбасының материалдық жағдайын тексеру қорытындысының нәтижесі.

Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде өңірлер бөлінісіндегі кедейлік шегі негізге алынады және материалдық жағдайын тексеру арнайы комиссияның үміткер отбасының тұрғын жайына баруы арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау критерийлеріне сәйкестігін анықтау осындай көмекке үміткердің тұрғылықты жерімен тікелей байланысты.

Сондықтан атаулы көмекті оған мұқтаж азаматтарға тұрғылықты жері бойынша тіркеудің немесе бір жерде алты ай ішінде уақытша тіркеуде болуы шартымен тағайындау көзделген.

Сонымен қатар, бұл норма азаматтардың атаулы әлеуметтік көмек алу мақсатында қалаларға уақытша көше отырып, табысын және қосалқы шаруашылығын жасыру деректері кеңінен таралуы, ал атаулы әлеуметтік көмек тағайындалғаннан кейін тұрғылықты жеріне қайта оралу сияқты (2019 жылы мұндай деректер көптеп орын алды) олқылықтарды болдырмау мақсатында жасалып отырған шара екендігіне назар аудару қажет.

Тиісті тіркеудің болмауы, өз кезегінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға негіз болып табылатын жұмыспен қамту шараларына тарту, отбасын мұқтаждық жағдайын түзетуге бағытталған шаралармен қамтуға

мүмкіндік бермейді.

Жалпы, қолданыстағы заң талаптарын сәйкес Республика азаматтары тұрғылықты мекенжайы бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеуде болуы тиіс. Бұл норманың талаптары Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңмен реттелген.

Өз кезегінде, қолданыстағы заңнама талаптары атаулы әлеуметтік көмек тағайындау барысына оң нәтижесін тигізуде. Атап айтқанда 2020 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың 218 мың балаларына тұрғылықты жері бойынша кепілдік берілетін әлеуметтік топтама берілді (*азық түлік және тұрмыстық химия тауарларының жиынтығы*).

Сонымен қатар, бұл санаттағы азаматтар тұрғылық жері бойынша жұмыспен қамту шараларына тартылуда.

2020 жылдың қорытындысы бойынша атаулы әлеуметтік көмек 184,7 мың отбасыға (*936,2 мың адамға*) тағайындалып, жалпы сомасы 75,3 млрд.теңге көлеміндегі қаражат төленді.

*Халыққа қызмет көрсету орталықтарында уақытша тіркеуге қатысты*  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1427 қаулысымен бекітілген Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларына сәйкес, азаматтарды тұрғылықты жері бойынша әкімшілік ғимараттарда, яғни адамдардың тұруына арналмаған ғимараттарда тіркеу жүзеге асырылмайтындығын ескере отырып, тұрғын үйі жоқ азаматтарға (*мүгедек баланы және мүгедектерді тәрбиелеп отырған көпбалалы аналар және т.б.*) тұрғылықты жері бойынша тіркеуді Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ғимараттарында рәсімдеу мүмкін еместігіне назар аударамыз.

Сонымен қатар, қазіргі таңда республикалық бюджет тарапынан жүргізілетін төлемдерді тағайындау үрдісін одан әрі жетілдіру мақсатында азаматтардың тұрғылықты жеріне қарамастан мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті арттыру, яғни эксаумақтық принципті жүзеге асыру жұмыстары жүргізіліп жатқандығы туралы хабарлаймыз.

*Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты*

Бүгінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан, үйге мұқтаждар есебіне тұрған азаматтардың саны республика бойынша – 557 мың адамды құрайды, оның ішінде жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санаты бойынша – 59 421 азамат.

Тұрғын үй қатынастары туралы заңның 74 бабына сәйкес бұл санаттағы азаматтарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлардың жалпы санының кемінде 20% бөлінеді. Заңға сәйкес, азаматтарды есепке алуды жергілікті атқарушы орган тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырады.

Сонымен қатар, «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында осы жылдан бастап балалар үйлерінен шыққаннан кейін жұмыспен қамту орталықтарына жүгінген жетім балаларды 85%-ын жұмысқа орналастыру, коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлердің жалпы санының кемінде 20% қамтамасыз

ету жоспарланған.

Сонымен қатар, жүргізілген мониторинг барысында есепте тұрған 557 мың азаматтың 195 мыңға жуығы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың әлеуметтік осал топтары екендігі анықталды.

Қазіргі таңда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасы әзірленуде.

Осы заң жобасы асында кезекте тұрғандардың тұрғын үй мәселелерін жедел шешу мақсатында отбасының әрбір мүшесінің табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болғанда, тұрғын үйді жалға алуға субсидия түрінде мемлекеттік қолдау көрсету тетігін енгізу көзделуде. Атап айтқанда жеке тұрғын үй қорындағы жалдау ақысын мемлекет қаражаты есебінен 80%-ға дейін субсидиялау жоспарланған.

Аталған тетік енгізілген сәттен бастап бірінші жылы 100 мыңнан астам отбасыны қамту жоспарланып отыр, оның тәртібін Отбасы банкі айқындайтын болады.

Осы орайда, еліміздің басқа өңірінен тұрғын үй таңдау мүмкіндігін беру, сол аумақта тұрақты тұрып келе жатқан азаматтар тарапынан наразылыққа алып келуі мүмкін.

Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында, тұрғын үй сатып алу құқығынсыз 5 жылға беріледі. Бұл ретте жалға берілетін тұрғын үйлерге 5 жыл ішінде сатуға шектеу енгізу талап етілмейді.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**Е. Тоғжанов**